

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті медицина факультеті

СӨЖ

Тақырыбы: Иілік заттар, қаптаушы, қармаушы,
адсорбциялаушы заттар

Қабылдаған: Хабибуллаева Ш.Б

Орындағандар: Мадиева М, Халкулова М, Мұсаханов М,
Шайхиддинов Х, Чарыев М, Үшкемпір С,
Фазилов Ш .

Тобы:СТК-330

Жоспары

I Кіріспе бөлім:

II Негізгі бөлім:

а Иілік заттар

ә Қармаушы заттар

в Қолдану көрсеткіштері мен мөлшерленуі.

г Қаптағыш заттар

д Адборбциялаушы заттар

III Қорытынды бөлім:

IV Пайдаланылған әдебиеттер

Иілік заттар

- Иілік заттар вакуольдің жасуша шырынындағы күрделі органикалық заттарға жатады. Мысалы, эвкалипт ағашының қабығында 50%, емен қабығындағы 15-20%, тал қабығында 9-13%, шайдың жапырағында 15-20%, бадан жапырағы мен тамырсабағында 20%, терек, емен бүршіктерінде 20%, алма, жүзім, алмұрт жемістері де иілік заттарға бай. Иілік заттарды медицинада дененің, шырышты қабығы қабынғанда емдеуге пайдаланса, тері илеу өнеркәсібінде теріні жұмсарту үшін қолданады.



○

Қармаушы заттар

- Қармаушы заттар әсері жергілікті қабынуға қарсы препараттарға жатады. Оларды шырышты қабаттардың және терінің қабыну үрдістерін емдеу үшін қолданады. Бұл препараттарды енгізген жерлерде жасушадан тыс сұйықтың, шырыштың, экссудаттың, жасуша бетінің (жасуша мембранасы) коллоидтарының тығыздалуы (белоктардың жартылай коагуляциясы) байқалады. Осылай пайда болатын қабық сезімтал жүйке ұштарын тітіркенуден сақтайды және ауыру сезімі төмендейді. Сонымен қатар жергілікті тамырлардың тарылуын, олардың өткізгіштігінің төмендеуін, экссудаттың азаюын, сонымен қатар ферменттердің ыдырауын шақырады. Осы көріністің бәрі қабыну үрдістерінің дамуына кедергі жасайды.

- ◎ Қармаушы дәрілер 2 – топқа бөлінеді:
- ◎ 1. Органикалық: танин, еменнің қабығының қайнатпасы, т.б. өсімдіктен алынады.
- ◎ 2. Бейорганикалық тотықтырғыш дәрілер: висмуттың негізгі нитраты, ашудас, қорғасын ацетаты, мырыш тотығы, күміс нитраты.

Органикалық

- ◎ **Танин**(Tanninum) танин қышқылы немесе галло тұтқырлық (тері илейтін) май және ерітінді түрінде шығарылады. Танин ауыр метал тұздарымен және алкалоидтармен (морфин, атропин, никотин, кокаин) қосылып нашар еритін қосылыс түзейді.
- ◎ **Рецепт үлгісі.** Rp.: Sol. Tannini spirituosae 4% - 25 ml
- ◎ D.S. Күйіктің II сатысында теріге жағу үшін.



Қолдану көрсеткіштері мен мөлшерленуі.

Ауыз қуысын, жұтқыншақты 1-2% ерітінді түрінде шаю үшін, күйік, ойық жараларда сыртқа 3-10% ерітінді және май түрінде жауыр кезінде қолданылады. Іштің өтуі кезінде таниннің шырышты қабықтарда тұнбаға түспеуі үшін, танинді ақуызбен қосылған қосындысын (**танальбин**) қолданады. Ауыр металл тұздарымен және алкалоидтармен уланғанда асқазанды жуу үшін 0,5% ерітіндісі қолданылады. Танин тұрақсыз қосылыстар түзейді, сондықтан асқазаннан тез шығару (3-5 минут арасында) керек.

- ◎ **Жанама әсерлері.** Асқазанның шырышты қабатында қалаусыз тұнбалардың түзуіне әкелуі мүмкін.



Емен қабығының қайнатпасы

- **Имен қабығының қайнатпасы** (*Decoctum corticis Quercus*), сонымен қатар таниннен тұратын басқа да өсімдіктердің тұнбасы мен қайнатпалары (шайқурай шөбі, шатыраш жапырағы, зерде гүлі, тарлан тамыры, сиырсілекей, қаражидек, мойыл ж.т.б.) стоматит, гингивит және басқа да ауыз қуысының қабынуы кезінде қолданылады.
- **Химиялық құрамы. Қабығында:** 10-20% илеуге арналған галдық және эллаголық қышқыл, 6%-ке дейін пектинді заттар, 13-14% пентозан, флавоноид кверцитин, крахмал, шырыш және тағы басқа заттар бар. Жаңғағында: крахмал, ақуызды заттар, қант, май, бар. Жапрағында: флавоноидтар болады.



- **Қолдану көрсеткіштері.** Емен қабығының қайнатпасын ауыздың қуысының шырышты қабықтарының қабынуларында, асқазан және ішек жолдарының қабынуларында, ішек-қарыннан қан кетулерде. 1:10 мөлшерлемесін қолданады. Тері күйіктерінде қолданылады
- **Рецепт үлгісі.** Rp.: Decocti corticis Quercus 20,0 – 200 ml
- D.S. Ауызды шаю үшін.




Бейорганикалық

- **Висмут субнитраты**(Bismuthi subnitratis) және оның теңдестері дерматол (висмут субгаллат), ксероформ (висмут негізінің трибромфенолаты) сонымен қатар, **күміс, мыс, мырыш препараттары**және басқа да тұтқырлайтын, антисептикалық, үлкен шоғырымда күйдіретін әсері бар дәрілер. Терінің және шырышты қабаттың қабынулырында, энтерит, колит кезінде антисептикалық, май және сеппе ретінде теріні тазалау үшін, артық грануляцияны алып тастау үшін қолданылады.
- **Рецепт үлгісі.** Rp.: Ung. Bismuthi subnitratis 10% - 25,0
- D.S. Тері ауруларына жағу үшін.



- **Қорғасын ацетаты (Plumbi acetatis)** тұтқырлайтын, антисептикалық, үлкен шоғырымда күйдіретін әсері бар дәрі. Терінің және шырышты қабаттың қабынулырында, энтерит, колит кезінде антисептикалық, май және сеппе ретінде теріні тазалау үшін, артық грануляцияны алып тастау үшін қолданылады.
- **Рецепт үлгісі.** Rp.: Sol. Plumbi acetatis 0,25% - 50 ml
- D.S. Для полосканий ран.



- **Ашудас (Aluminum)** -аз концентрацияда олар қармаушы, ал жоғары концентрацияда күйдіргіш әсер көрсетеді. Теріні тазалау үшін, артық грануляцияны алып тастау үшін қолданылады.
- **Рецепт үлгісі. Rp.:**
Aluminis 4,0
- Ac. borici 10,0
- Aq. destill. 200 ml
- M.D.S. Для обработки ран.



Қаптағыш заттар


- Қаптағыш дәрілер сумен қосылып, коллоидты ерітінді түзейді, ол шырышты қабықшаны жауып, сезгіш жүйке ұштарына тітіркендіргіш заттардың әсеріне кедергі жасайды. Бұл заттарға негізінен крахмал кілегейі (*Mucilago Amyli*), зығыр дәнінің кілегейі жатады. Олар жергілікті қабынуға қарсы және ауыруды басатын әсер көрсетеді.
- **Қолдану көрсеткіштері.** Гастрит, асқазан мен он екі елі ішектің ойық жараларында және энтероколитте қолданылады. Дәрілермен бірге ауыруды басатын бір реттік клизма ретінде, қышқылдар мен негіздермен уланғанда ұзақ уақыт ішке шырышты қабатты жаралардан қорғау мақсатында тағайындайды.



Адсорбциялаушы заттар

- Жануарлардан және өсімдіктерден алынатын, үлкен белсенді беткейден тұратын, нәтижесінде басқа химиялық қосылыстармен немесе дәрілік препараттармен жақсы әрекеттесіп, өздерінің бойына сіңіріп алып, жүйке талшықтарын тітіркенуден қорғайтын сорғыш дәрілер. Сорғыш дәрілер суда ерімейтін, тіндерді тітіркендірмейтін және адсорбциялық беткейлігі үлкен ұнтақ тәрізді инертті заттар. Бұл заттарға белсенді көмір, тальк және т.б. жатады. Бұлар іш өту кезінде және улы заттардың сіңірілуін тоқтату үшін қолданылады.

- **Белсенді көмір**(Carbo activatus), карболен, карбактин, энтеросорбент, арнайы өнделген, сорғыш беткейі бар, ерімейтін қара түсті ұнтақ. Белсенді көмірөзіне улы заттарды (токсиндерді, газдарды, алкалоидтарды) сіңіріп алады. **Қолдану көрсеткіштері мен мөлшерленуі.** Ішектегі ашу және шіру үрдістерімен жүретін диспепсияда (метеоризм), қышқылдықтың жоғары болуы мен асқазан сөлінің гиперсекрециясында, іштің өтуінде, жедел улануларда (алкалоидтармен, жүрек гликозидтерімен, ауыр металдардың тұздарымен және т.б.), токсикалық синдром ауруларында – тамақ токсикоинфекцияларында, дизентерия, сальмонеллезде, күйік ауруларының токсемия және септикотоксемия сатысында, созылмалы бауыр жетіспеушілігінде, бронх демікпесінде, атопиялық дерматитте, рентгенологиялық зерттеулерге дайында кезінде (газдардың түзілуін азайту үшін).



Рецепт үлгісі. Rp.:
Granularum Carbonis activati
5,0
D.t.d. N.10
S. 1 – 2 пакеттен 5 – 6 рет
тәулігіне

- Сулы жүзгінді уланғанда және интоксикация кезінде 20-30г; қышқылдық жоғары болғанда және іштің кебуінде - 1-2 таблеткадан (таблетка 0,5-0,25 г.) тәулігіне 3 – 4 реттен. Сулы жүзгінін ересектер үшін тамақтың арасында 10 г (бір пакет) тәулігіне 3 реттен; 7 жасқа дейінгі балаларға – 5 г, 7-14 жастағыларға – 7 г қабылдау. Емдеу курсының ұзақтығы 3-15 күн.



- ◎ **Кері көрсеткіштері.** Асқазан ішек жолдарының ойық жараларында және асқазаннан қан кетулерде, әсіресе басқа дәрілермен бірге беруге және жоғары сезімталдықта болмайды.
- ◎ **Жанама әсерлері.** Диспепсия болуы мүмкін, асқазан ішек жолдарында майлардың, ақуыздардың, витаминдердің, гормондардың, қоректі заттардың ж.т.б. сіңірілуі төмендейді; іштің қатуы немесе іштің өтуі, нәжістің қара түске боялуы, белсенді көмір арқылы гемоперфузия кезінде эмболияның дамуы мүмкін, геморрагия, гипокалемия, гипокальцемиа, гипотермия және гипотензия, ағзада витаминнің, гормондардың, майлардың және ақуыздардың азаюы. Дәрілермен бірге қолданғанда олардың ықпалының төмендеуі мүмкін.
- ◎ **Шығарылу түрі.** 200 мг капсуласы; 230, 250, 500 мг (N.10) таблеткасы; 5, 10, 15, 25, 30, 50, 100, 150 г ұнтағы пакетте; 100, 200 г флаконы; 100, 250, 450, 700, 850, 1300 г пастасы; 2,5; 3, 5, 10, 60, 100, 650 пакеттегі грануласы; 10, 12, 15, 24, 25 г флаконда.

- ◎ **Тальк (Talcum)** тер бездерінің бөліп шығарғандарын өзіне сіңіреді және теріні механикалық тітіркенуден қорғап, оны кептіреді. Оны сеппе ретінде қолданады.
- ◎ **Рецепт үлгісі. Rp.:**
Zinci oxidi 10,0
- ◎ Talci 40,0
- ◎ M. f. pulv.
- ◎ D.S. Ұнтақ түрінде, сеппе.



Тітіркендіргіш дәрілер

- Тітіркендіріш заттар сезімтал жүйке ұштарын белсендіреді және тітіркендіріп қозу әрекетін арттырады. Сонымен қатар, зақымдалған мүшені немесе тінді иннервациялайтын орайлас жүйкеге орталық жүйке жүйесі арқылы алаңдатумен, ауыру сезімін басады. Олар сонымен, теріге жергілікті әсер көрсетеді, ол биологиялық белсенді заттардың – гистаминнің, брадикининнің және серотониннің бөлінуіне әкеледі. Бұл топқа жататын негізгі тітіркендіргіш дәрілер: қыша қағаз, скипидар, ментол, аммиак ерітіндісі, терпентиннің тазаланған майы жатады.

- **Қыша қағазы**(*Charta sinapis*)— қағазға жұқалап жағылған майсыз қыша қоспасының ұнтағы, ол мирозин және синигрин гликозид ферменттерінен тұрады. Әсер етуші заттардың ықпалынан ыдырап - өткір иісі бар, шырышты қабатты және теріні қатты тітіркендіретін қыша майының эфирі. Емдік ықпалы терінің жүйке ұштарын тітіркендіру салдарынан рефлекторлы реакциялар пайда болады.
- **Қолдану көрсеткіштері мен мөлшерленуі.**Қабынуға қарсы дәрілер ретінде (алаңдатушы) тыныс жолдарының аурулары, жүрек соғуы, невралгия, миалгия және т.б. аурулар кезінде қолданылады. 4-5 қыша қағазды күніне 1 рет. Эфирлі қышы майын 2% спирттік ерітінді түрінде жергілікті тітіркендіруші және алаңдатушы заттар ретінде қолданады.
- **Кері көрсеткіштері.**Тері зақымдануларында, іріңді ауруларда, нейродермитте, сулы экземада, псориазда.



- **Терпентиннің тазаланған майы**(*Oleum Terebinthinae rectificatum*) скипидар – эфирлік май. Бұл кәдімгі қарағай бүршігін айдаудан алған өнім, тері арқылы өтіп, сезімтал жүйке ұштарын тітіркендіреді, ауыруды басатын (алаңдатушы) және антисептикалық әсер көрсетеді. «Финалгон», «Капсикам» майларының құрамына кіреді.
- **Қолдану көрсеткіштері мен мөлшерленуі.** Бұл заттардың екі мақсатта қолданады: біріншіден, жарақаттанған жердегі ауырсынуды басу үшін, яғни көңілді басқаға аудару, екіншіден, патологиялық үрдіс кезінде ішкі денедегі трофиканы жақсарту үшін. Невралгия, радикулит, миалгия, аяқ-қол қақсағанда, миозитте, полиартриттерге, сонымен қатар бумен дем алу үшін ірінді бронхитте, бронхоэктазияда қолданылады.
- **Кері көрсеткіштері.**Бауыр мен бүйрек паренхимасының зақымданулары кезінде.



- Шығарылу түрі. 20 % жағынды 15 және 25 г банкада және 15, 25 және 50 г тубаларда және 10, 30 және 50 мл флакондағы майлы ерітінді.
- Рецепт үлгісі. Rp.:
Oleum Terebinthinae
rectificati
- Chloroformi aa 15 ml
- Methylsalicylatis 10 ml
- M. f. linimentum
- D.S. Буын тұсына жағу үшін.



- Аталған тітіркендіргіш заттар екі мақсатпен қолданылады. Біріншіден, ауыру сезімін басу үшін зақымдалған мүшенің немесе тіннің аймағына әсері— алаңдатушы әсер деп аталады. Екіншіден, патологиялық үрдістер орын алған ішкі мүшелердің (тіндердің) трофикасын жақсарту үшін.
- Алаңдатушы әсері ОЖЖ-де тітіркендірудің екі ағынының өзара әсерлесу мүмкіндігімен түсіндіріледі-патологиялық өзгерген ішкі мүшелер мен тітіркендіргіш заттардың әсер ететін жерлеріндегі тері беті. Бұл жағдайда висцеральды мүшелерден афферентті импульсацияға берілу әлсірейді. Бірақ мұндай көзқарас аса болжамалы, висцералды және соматикалық импульстердің өзара әсерлесуі физиологиялық дәлелденген. Бұл туралы клиникалық мәліметтер де көрсетеді. Сонымен, ішкі мүшелердің ауруында терінің белгілі бір жерлерінде сезімталдықтың жоғарылауы байқалады. Мысалы, стенокардияда науқастар жауырынның тұсында немесе сол жақ қолында ауыру сезімін байқайды. Тітіркендіргіш заттардың әсерінен ОЖЖ-де ауыру сезімдерін басатын қасиеті бар заттар энкефалиндердің бөлінуі жоққа шығарылмаған.
- Одан басқа, тітіркендіргіш заттар ішкі мүшелерге оң трофикалық әсер көрсетеді. Бұл бірқатар механизмдерге байланысты болуы мүмкін. Сонымен, трофикалық кәдімгі тері-висцералды рефлексдермен және постганглионарлы симпатикалық талшықтармен антидромды түрде іске асады деп болжайды. Екінші вариантта қоздырғыштар ОЖЖ-нен тыс тері рецепторынан ішкі мүшелерге барады. Ауыру сезімдерін басатын тітіркендіргіш заттардың алаңдатушы әсері трофикада жағымды рөл атқарады. Теріні тітіркендіргенде биологиялық белсенді заттардың бөлінуінің белгілі бір маңызы бар екендігі де ескеріледі.
- Тітіркендіргіш заттарды қойған жерде тері қызарып, біраз ісінулер пайда болады. Бірақ бұл жергілікті әсерлердіңешқандай маңызы жоқ.
- Гиперемия артериоло мен капиллярдың рефлекторлы кеңеюіне негізделген. Бұл көбінесе аксон-рефлекске байланысты жүреді. Қозу тері рецепторларынан сезімтал талшықтарға, кейін коллатералдар арқылы тері қантамырларына барады. Сонымен қатар қойған жерде биологиялық белсенді заттар, мысалы, гистамин бөлінеді. Ол да қантамырларын кеңейтіп, капиллярлардың өткізгіштігін арттырады.

- **Ментол**(Mentholum) жалбыз майынан алатын (бұрыш жалбызының жапырағында) – салқындатқыш рецепторларды тітіркендіреді, аздап жансыздандырады, рефлекторлы жолмен қан тамырларының қысымын өзгертеді. Бұл қасиетін жүрек-қан тамырларын кеңейтетіндігінен байқауға болады.
- **Қолдану көрсеткіштері мен мөлшерленуі.** Невралгия, миалгия артралгия кездерінде 2% спирттік ерітіндісі немесе 10% майлы жүзгіні ұсынылады; қышымалы дерматозды емдеуде 1% ланолинді-вазелин май немесе 0,5% спирттік ерітінді қолданылады. Жоғары тыныс алу жолдарының қабыну ауруларында (тұмау, фарингит, ларингит, трахеит) бумен дем алу немесе интраназальды тамшы түрінде береді. «Валидол» құрамына кіреді, сондықтан стенокардияда қолданылады. Сонымен қатар, ментол көптеген сыртқа қолданылатын алаңдатушы дәрілердің құрамына кіреді (броментол, меновазин, кафомен, эфкамон).
- **Кері көрсеткіштері.** Жас балалардың мұрнына жағуға, өңешіне бумен дем алуға болмайды. Өйткені тынысы нашарлап, демі тоқтап қалуы мүмкін.

- Шығарылу түрі. 1% вазелин майындағы ерітінді (тамшы); 1 және 2% флакондағы спиртті және майлы (ментол майы) ерітінді 10, 20, 25 және 30 мл және флакон-тамшыда 10 мл; ментол каламы.
- Рецепт үлгісі. Rp.: Sol. Mentholi spirituosae 5%-5 ml
- D.S. 1-2 тамшыдан тілдің астына.
- Rp.: Oleum. Mentholi 2% - 10 ml
- D.S. 5-10 тамшыдан мұрынға тамызу үшін.



- ◎ **Аммиак ерітіндісі**(Sol. Ammonii caustici) мүсәтір спирті. Өткір иісі бар, ұшқыш сұйықтық. Тыныс алғанда жоғары тыныс жолдарының сезімтал жүйке ұштарын тітіркендіріп, тыныстың орталығына қоздырушы әсер береді.
- ◎ **Қолдану көрсеткіштері мен мөлшерленуі.** Жедел жәрдем ретінде естен танған кезде тынысты қоздыру үшін, мақтаға тамызып мұрынға 1 сек. иіскетеді. Кейде құстыру үшін 5-10 тамшысын 100 мл суға қосып береді. Жәндік шаққанда сыртқа дәріленген дәкені басу ретінде қолданады.
- ◎ **Кері көрсеткіштері.**Дерматитте, экземада және тері ауруларында.
- ◎ **Жанама әсерлері.**Жоғары шоғырымда тынысты рефлекторлы тоқтатуы мүмкін және өңеш пен асқазанның күйіктерін туғызады.

- Шығарылу түрі. 10% ерітінді 10, 40 және 100 мл флаконда және 1 мл ампулада.
- Рецепт үлгісі. Rp.: Sol. Ammonii caustici 1 ml
- D.t.d. N. 10 in amp.
- S. Есін жиғызу үшін иіскетеді



Қорытынды

- *Тітіркендіргіш заттар* сезімтал жүйке ұштарын белсендіреді және тітіркендіріп қозу әрекетін арттырады. Тітіркендіргіш заттарды тыныс алу жүйесінің қабынуларында ,бұлшықет буын ауруларында (миозит,неврит,артрит) қолданады. Сонымен қатар ағзаларға трофикалық әсер көрсетеді
- *Адсорбциялаушы заттар* кең ауқымды адсорбциялайтын беткейі бар ұнтақ тәрізді заттар. Оларға қойылатын талаптар: олар суда ерімейтін, тітіркендіргіш әсер көрсетпейтін және басқа дәрілік заттармен бірге әсер көрсетпейтін болуы керек
- *Қаптаушы заттар* препаттарын асқазан ауруларында және тітіркендіргіш дәрілермен бірге сұйық қоспа , клизма ретінде қолданады
- *Қармаушы заттар* тері бетінің , шырышты қабаттардың қабынуларында жуғыш , жағылғыш , шайғыш қынапты жуғыш және себілгіштер түрінде сыртқа тағайындалады

Пайдаланылған әдебиеттер:

Харкевич Д.А. Фармакология: Оқулық (қазақша аударма). Алматы, 2004.-

607 бет.

Харкевич Д.А. Фармакология: Учебник. Москва. Изд. дом «ГЭОТАР-МЕД». 2006.- 734 с.

Харкевич Д.А. Руководство к лабораторным занятиям по фармакологии., М.: Медицинское информационное агентство (МИА), 2004.-452с.

Назарларыңызға рахмет!!!

